

«Келісілді»

**«Қостанай қаласы әкімдігінің
Қостанай қаласы әкімдігінің
білім бөлімінің №7 бөбекжай-
бақшасы» МКҚК директоры**
 **Ахметбекова Ж.С.**

**Қостанай қаласы әкімдігі білім бөлімінің
«№7 бөбекжай-бақшасы» МКҚК сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін
ішкі талдау нәтижелері туралы аналитикалық анықтама**

Қостанай қ.

18.11.2020 жыл

«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің Қостанай қаласы әкімдігінің №7 бөбекжай-бақшасы» МКҚК директорының 11.11.2020 жылғы № 87 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығы негізінде 2020 жылғы 11 қарашадан 2020 жылғы 18 қарашаға дейінгі кезеңде «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің №7 бөбекжай» МКҚК(бұдан әрі- бөбекжай) қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

«Персоналды басқару»

Бөбекжай-бақшасы өз қызметінде ҚР Конституциясын, ҚР Азаматтық кодексін, ҚР Еңбек кодексін, «Білім туралы» ҚР Заңын, ҚР басқа да нормативтік актілерін және бөбекжай Жарғысын басшылыққа алады. Балабақшаның штаттық саны 93,25 бірлікті құрайды. Қызметкерлердің нақты саны-70 (37-педагог, 33-техникалық персонал)

Бөбекжай-бақшасының қызметкерлерінің сапалық құрамын талдай отырып, орташа жасы 40 жасты құрайтынын атап өткен жөн. Зейнетақы және зейнетақы алдындағы қызметкерлер-13. Ұлттық құрамы бойынша 67% - Қазақ, 10 % - орыс, 21%-басқа ұлт өкілдері.

Қаңтар-қараша айларында 13 қызметкер өз еркімен жұмыстан шығарылды, жұмыс берушінің бастамасы бойынша – 0, «халықты жұмыспен қамту орталығы» ММ арқылы-12 қызметкер қабылданды. Бөбекжай-бақшасының қызметкерлері 2020 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, еңбек заңнамасын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылған жоқ. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мониторинг жүргізу барысында жұмыс тобымен көрсетілген кезеңде бұзушылықтар анықталған жоқ, балабақша қызметкерлерінен сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылықтарын жасауға көндіру туралы өтініштер түскен жоқ.

Балабақшада мүдделер қақтығысы жоқ.

Қарсы іс-қимыл туралы « ҚР Заңын сақтау мақсатында» сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды сақтау бойынша шаралар қабылданды: МКҚК «№7 бөбекжай қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарты» «Әдеп кодексі» әзірленіп, бекітілді, әдеп және

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл тағайындалды, ақпараттық стендтерде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қалай қарсы әрекет ету керек» жадынамалары орналастырылды, қызметкерлер үшін үнемі кеңестер жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мониторинг жүргізу барысында жұмыс тобымен көрсетілген кезеңде бұзушылықтар анықталған жоқ, балабақша қызметкерлерінен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға көндіру туралы өтініштер түскен жоқ.

«Мемлекеттік қызмет көрсету»

Қазіргі уақытта балабақшада 2 мемлекеттік қызмет:

- мектепке дейінгі ұйымға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау;
- педагог кадрлардың біліктілік санаттарын беру (растау) үшін құжаттарды қабылдау және аттестаттау.

Талданып отырған кезеңде indigo – «электрондық балабақша» ақпараттық жүйесі арқылы 117 қызмет көрсетілді.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша ақпарат бөбекжай сайтында және жабдықталған стендте орналастырылған.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу және шағымдар жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлғалар оқыту семинарларын тыңдады:

31.01.2020 «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын сақтау»;

13.04.2020 «Педагог қызметкерлердің және оларға теңестірілген тұлғалардың біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау»;

27.05.2020 «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау»

«Рұқсат беру функцияларын іске асыру»

Бөбекжай рұқсат беру функцияларын іске асырмайды.

«Бақылау функцияларын іске асыру»

Бөбекжай бақылау функцияларын іске асырмайды.

«Бөбекжайдың ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер»

2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2020 жылғы 18 қарашаға дейін балабақшаға жеке тұлғалардан 1 және заңды тұлғалардан 0 өтініш түсті. 1 өтініш қаралды (қанағаттандырылды -1). Шағымдар-0.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша жұмыс тобы келесі ұсыныстар жасады:

1. Барлық қызметкерлер бөбекжай қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа

қарсы мінез-құлық стандартын сақтауы тиіс.

2. Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілге бөбекжайдың ресми интернет-ресурсында орналастыра отырып, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша түсіндіру жұмысын жүргізу.

3. Жауапты тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсету кезінде заңнаманы сақтау.

4. Хатшыға азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қарау мерзімдерін сақтау .

Жұмыс тобының төрайымы:



Сатымбаева А.К.

Жұмыс тобының мүшелерімен келісілді:

Панафидина О.Ю. 

Есмаганбетова Г.А. 